

4. Халықаралық қатынас және жұртшылықпен байланыс басқармасы (Мартюшев Ю.А.) осы қаулыны және Валюталық құндылықтарды пайдалануға

байланысты қызметті лицензиялау ережесін бұқаралық ақпарат құралдарында
ж а р и я л а с ы н .

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық
Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т. Жангелдинге жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

К е л і с і л д і :

Қазақстан Республикасының
Экономика және сауда министрлігі

2002 жылғы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
"Валюталық құндылықтарды пайдалануға
байланысты қызметті лицензиялау
ережесін бекіту туралы "
2002 жылғы 18 қаңтардағы

№ 26 қаулысымен бекітілген

**ВАЛЮТАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНУҒА
БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЗМЕТТІ ЛИЦЕНЗИЯЛАУ
ЕРЕЖЕСІ**

*Ескерту: Барлық мәтін бойынша "Экономика және сауда министрлігі" деген
сөздер "Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі" деген сөздермен
ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 30 маусымдағы №
195 қаулысымен .*

Осы Ереже "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ", "Қазақстан
Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы ", " Лицензиялау туралы
", " Валюталық реттеу туралы " Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес
әзірленді және валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметті
лицензиялаудың тәртібі мен талаптарын белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - Ұлттық Банк)
валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты жүргізілетін мынадай
о п е р а ц и я т ү р л е р і н е :

1) қолма-қол шетел валютасына бөлшек сауда жасауға және қызмет көрсетуге
;

2) резиденттердің (Қазақстан Республикасының валютасымен ашылған
есепшоттарды қоса алғанда) шетелдік банктерде және өздері тіркелген
мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес банк операцияларын жүргізу құқығы бар
өзге де қаржы институттарында есепшоттар ашуына;

3) осы Ережеде көзделген капитал қозғалысына байланысты операцияларды жүзеге асыруға ;

4) резиденттің резидент еместен кредит ретінде алатын шетел валютасын үшінші тұлғаның есепшоттарына есептеуге лицензиялар береді.

2. Лицензия алу үшін Ұлттық Банкке (оның аумақтық филиалына) мынадай құжаттар ұсынылады :

1) жарғының нотариат куәландырған көшірмесі (заңды тұлғалар үшін);

2) Қазақстан Республикасының уәкілетті органында мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің көшірмесі (заңды тұлғалар үшін);

3) Қазақстан Республикасының статистика жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органы берген статистикалық карточкасының көшірмесі (заңды тұлғалар үшін);

4) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке тұлғалар үшін);

5) лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

6) осы Ережеде көзделген өзге де құжаттар.

3. Ұлттық Банк лицензия беру туралы шешім қабылдау үшін жүргізілген операциялар туралы қажетті қосымша ақпаратты немесе құжатты, оның ішінде өтініш берушінің Ұлттық Банкке ұсынған құжаттарында сілтеме жасалған құжаттарды, сондай-ақ Ұлттық Банкте лицензиялауға жататын операцияларды жүзеге асыру үшін қажетті, уәкілетті органның (өтініш берушінің органдарын қоса алғанда) лицензияларын, өзге де рұқсаттарды, сертификаттар мен басқа да құжаттарды сұратуға құқылы.

4. Осы Ережеге сәйкес Ұлттық Банкке ұсынылатын, резидент пен резидент еместің арасында жасалған шарттардың (келісім-шарттардың, келісімдердің) көшірмелері тігілген және резиденттің (заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің) мөрімен расталған болуы тиіс.

Шет ел тілінде жасалған құжаттар Ұлттық Банкке олардың мемлекеттік тілге және/немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармасымен қоса тапсырылуы тиіс.

Ұлттық Банк лицензия алуға құжат ұсынған немесе осындай лицензияны алған резидентті Ұлттық Банкке резидент емес жіберген құжаттардың нотариат куәландырған мемлекеттік тілдегі және/немесе орыс тіліндегі аудармасын ұсынуын міндеттеуге құқылы.

5. Ұлттық Банк (оның аумақтық филиалдары) лицензия беру туралы өтінішті өтініш беруші барлық қажетті құжаттарды ұсынған күннен бастап бір айлық мерзімде қарайды.

6. Мынадай жағдайларда лицензия беруден бас тартылады:

1) осы Ережеде көзделген құжаттарды не өзге де ақпаратты ұсынбағанда;

2) шынайы емес ақпарат ұсынғанда;

3) өтініш беруші осы Ережеде белгіленген талаптарға сәйкес келмегенде;

4) жүргізілетін операция Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес к е л м е с е ;

5) операцияларды Қазақстан Республикасының уәкілетті банктері арқылы жүргізу мүмкіндігі болғанда (осы Ереженің 3 және 6-тарауларында көзделген о п е р а ц и я л а р ү ш і н) ;

6) "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген өзге де негіздер болғанда.

7. Лицензия беруден бас тартқан жағдайда өтініш берушіге бас тарту себебі көрсетіле отырып жазбаша нысанда дәлелді жауап беріледі.

8. "Валюталық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздемелер бойынша лицензияның қолданылуы тоқтатылады не қ а й т а р ы п а л ы н а д ы .

Лицензияның қолданылуы оны тоқтату себебін және анықталған заң бұзушылықтарды жою жөніндегі шараларды көрсете отырып алты айға дейінгі м е р з і м г е т о қ т а т ы л а д ы .

Лицензия қайтарып алынған не оның қолданылуы тоқтатылған жағдайда Ұлттық Банк (оның аумақтық филиалы) шешім қабылданған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде тиісті шешімнің көшірмесін лицензиатқа жібереді. Сонымен қатар лицензиат мұндай шешімнің көшірмесін алған күннен бастап он күнтізбелік күннің ішінде оған берілген лицензияны Ұлттық Банкке (оның аумақтық филиалына) қайтаруға міндетті. Лицензиат лицензияның қолданылуын тоқтатуға негіз болған себепті жою фактісін растайтын құжаттарды ұсынғаннан кейін Ұлттық Банк (оның аумақтық филиалы) лицензияны лицензиатқа қайтарып береді.

9. "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және осы Ережеде көзделген жағдайларда лицензияның қолданылуы тоқтатылады.

10. Ұлттық Банк берілген лицензия негізінде жүргізілген операциялар бойынша резиденттің міндеттемелері үшін жауап бермейді.

2-тарау. Қолма-қол шетел валютасымен бөлшек сауда жасауды және қызмет көрсетуді лицензиялау

11. Ұлттық Банк (оның аумақтық филиалы) қолма-қол шетел валютасына бөлшек сауда жасауға және қызмет көрсетуге:

1) өз қызметін Қазақстан Республикасының кеден аумағында кеден бақылауы арқылы халықаралық қатынас үшін ашылған әуежайларда, порттарда және шекара асуларында жүзеге асыратын;

2) өз қызметін халықаралық тасымал жасайтын, теңіз, әуе, темір жол және автомобиль көлігінде жүзеге асыратын;

3) қонақ үй қызметін көрсететін және уәкілетті мемлекеттік органның осы тұлғалардың меншік құқығындағы немесе пайдалануына жататын қонақ үйлерге

осы қонақ үйлерде тұратын резидент емес клиенттермен есеп айырысу үшін төрт немесе бес жұлдызды қонақ үй санатын беру туралы сертификаты бар тұлғаларға лицензиялар береді.

12. Ұлттық Банктің қолма-қол шетел валютасымен бөлшек сауданы жүзеге асыруға және қызмет көрсетуге берілетін лицензиялары бас лицензиялар болып табылады және оларды иеленушілерге бөлшек сауда жасау және қызмет көрсету кезінде қолма-қол шетел валютасымен есеп айырысуға құқық береді.

13. Резиденттер қолма-қол шетел валютасымен бөлшек сауда жасауды және қызмет көрсетуді бастағанға дейін Ұлттық Банктің лицензиясын алуға міндетті.

14. Өтініш берушілер осы Ереженің 2-тармағында көзделген құжаттарға толықтыру ретінде лицензия алу үшін Ұлттық Банкке (оның аумақтық филиалына) мынадай құжаттар ұсынады:

1) қолма-қол шетел валютасына сатуға ұсынылатын тауарлар мен қызметтің тізбесін көрсете отырып қолма-қол шетел валютасымен бөлшек сауданы жүзеге асыруға және қызмет көрсетуге арналған лицензияны беру туралы өтініш;

2) Қазақстан Республикасының орталық кеден органы лицензиясының нотариат куәландырған көшірмесі (баж салығы салынбайтын сауда дүкендерінде сауда жасауға өтініш берген адамдар үшін);

3) банкноттарды, металл ақша мен құндылықтарды инкассациялауға және жіберуге Ұлттық Банк берген лицензиясы бар заңды тұлғамен жасалған инкассация шартының нотариат куәландырған көшірмесі;

4) салық төлеушінің куәлігінің көшірмесі;

5) өтініш берушінің шетел валютасындағы банктік есепшоттарының бар екендігі туралы уәкілетті банктер берген анықтамалары;

6) осы Ереженің 11-тармағының 3-тармақшасында көзделген жағдайлар үшін - уәкілетті орган берген сертификаттың нотариат куәландырған көшірмесі.

15. Лицензия берілгенге дейін өтініш берушінің (оның қызметкерлерінің) және ол ұсынған құжаттардың Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен біліктілік талаптарына сәйкестігі тексеріледі.

Тексеруді Ұлттық Банк (оның аумақтық филиалы) құрған комиссия жүзеге асырады. Тексеру нәтижелері бойынша комиссия өтініш берушінің (оның қызметкерлерінің) және ол ұсынған құжаттардың біліктілік талаптарға сәйкес келуі немесе сәйкес келмеуі туралы қорытынды жасайды.

Ұлттық Банк (оның аумақтық филиалы) үнемі, Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қолма-қол шетел валютасына бөлшек сауданы жүзеге асыруға және қызмет көрсетуге лицензия алған резиденттің біліктілік талаптарға сәйкестігін тексереді.

16. Қолма-қол шетел валютасына бөлшек сауданы жүзеге асыруға және қызмет көрсетуге лицензия алған резиденттер:

тауарлар мен қызмет көрсетуге ақы ретінде Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасын да қабылдауға;

тоқсан сайын, есеп беретін тоқсаннан кейінгі айдың онына дейін Ұлттық Банкке (оның аумақтық филиалына) осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес мәліметтер беруге міндетті.

17. Ұлттық Банктің аумақтық филиалдары тоқсан сайын, есеп беретін тоқсаннан кейінгі екінші айдың біріне дейін осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес қолма-қол шетел валютасына бөлшек сауданы жүзеге асыруға және қызмет көрсетуге берілген лицензиялар туралы мәліметті, сондай-ақ осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес лицензиаттар беретін мәліметтер негізінде шетел валютасы қозғалысы туралы Ұлттық Банктің аумақтық филиалдары жасаған жиынтық мәліметті Ұлттық Банкке беріп отырады.

18. Қолма-қол шетел валютасына бөлшек сауданы жүзеге асыруға және қызмет көрсетуге берілген Ұлттық Банктің лицензиясының мынадай жағдайларда:

осы Ереженің 11-тармағының 3)-тармақшасында көрсетілген сертификаттың қолданылу мерзімі аяқталғанда не ол қайтарып алынғанда;

Қазақстан Республикасы орталық кеден органының осы Ереженің 14-тармағының 3)-тармақшасында көрсетілген лицензия қайтарып алынғанда;

осы Ереженің 11-тармағының 3)-тармақшасында көрсетілген қонақ үйлерге меншік немесе пайдалану құқығы басқаға берілгенде қолданылуы тоқтатылады.

3-тарау. Резиденттердің шетелдік банктерде есепшоттар ашуына лицензия беру

19. Ұлттық Банк (оның аумақтық филиалы), осы Ереженің 22, 23 және 24-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, резиденттердің шетелдік банктерде есепшоттар, оның ішінде металл есепшоттар ашуына лицензия береді.

20. Ұлттық Банктің резиденттердің шетелдік банктерде есепшоттар ашуға берген лицензиясы операциялық болып табылады.

21. Резиденттер шетелдік банкте есепшот, оның ішінде металл есепшот ашқанға дейін Ұлттық Банктің лицензиясын алуға міндетті.

22. Банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар осы Ереженің 19-тармағында көзделген лицензияны алмай-ақ, тиісті шарттарда көзделген негізде және тәртіппен шетел банктерінде корреспонденттік және металл есепшоттар ашады (банк операцияларын жүргізуге, оның ішінде корреспонденттік есепшоттар ашуға Ұлттық Банктің лицензиясы бар болса).

23. Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері және консулдық мекемелері осы Ереженің 19-тармағында көзделген лицензияны алмай-ақ, Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық

мекемелерінің және шетел банктерінің арасындағы тиісті шарттарда көзделген негізде және тәртіппен шетел банктерінде корреспонденттік және металл есепшоттар ашады.

24. Шетелдік банкте есепшоттар ашуға лицензия алу үшін Ұлттық Банкке (оның аумақтық филиалына) осы Ереженің 2-тармағында көзделген құжаттарға толықтыру ретінде мынадай құжаттар ұсынады:

1) заңды тұлғалар, оның ішінде өз филиалдары үшін есепшот ашатын, сондай-ақ жеке кәсіпкерлер:

есепшот ашылатын шетелдік банктің деректемелерін бере отырып, айдың аяғында есепшоттағы қаражат қалдығының болжалды лимиті көрсетілген өтініш;

шетелдік банкте есепшот ашудың қажеттілігін растайтын құжаттардың (кредиттік шарт, басқа құжаттар) көшірмелері;

филиал ашу туралы бұйрықтың не басқа құжаттың нотариат куәландырған көшірмелері және ол туралы ереже (заңды тұлғалардың филиалдары үшін);

Ұлттық Банктің сұратуы бойынша шетелдік банктің есепшот ашуға және жүргізуге, ақпарат беруге келісім хаты және ай сайын, есеп берілетіннен кейінгі айдың онына дейін Ұлттық Банкке клиенттің есепшоты бойынша көшірмелер беруі;

Ұлттық Банктің банктерді қадағалау бөлімшесінің кредиттік тізілім деректері бойынша олардан тартылған заемдар бойынша өтініш берушінің Қазақстан Республикасының банктері алдындағы мерзімі өткен берешектерінің жоқ екендігін растайтын жазбаша ақпараты. Ұлттық Банктің банктерді қадағалау бөлімшесі осы құжатты Ұлттық Банктің валюталық реттеу бөлімшесіне оның өтініші бойынша береді;

2) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан өзінің өкілдіктері үшін есепшот ашатын заңды тұлғалар:

айдың аяғында есепшоттағы қаражат қалдығының болжалды лимиті көрсетілген өтініші, заңды тұлғалар өкілдіктерінің және есепшот ашатын шетелдік банктің тұрған жері және деректемелері;

өкілдік ашу туралы бұйрықтың не басқа құжаттың нотариат куәландырған көшірмелері және ол туралы ереже;

заңды тұлғаның уәкілетті органы бекіткен, заңды тұлға өкілдігінің шығыстар сметасының көшірмесі;

шетелдік банктің есепшот ашуға және жүргізуге, Ұлттық Банктің сұратуы бойынша ақпарат беруге және ай сайын, есеп берілетіннен кейінгі айдың онына дейін клиенттің есепшоты бойынша Ұлттық Банкке көшірме ұсыну туралы келісім хаты;

Ұлттық Банктің банктерді қадағалау бөлімшесінің кредиттік тізілім деректері

бойынша олардан тартылған заемдар бойынша өтініш берушінің Қазақстан Республикасының банктері алдындағы мерзімі өткен берешектерінің жоқ екендігін растайтын жазбаша ақпараты. Ұлттық Банктің банктерді қадағалау бөлімшесі осы құжатты Ұлттық Банктің валюталық реттеу бөлімшесіне оның өтініші бойынша береді;

3) жеке тұлғалар:

есепшоттар ашылатын жердегі шетелдік банктердің деректемелері көрсетілген өтініш;

Ұлттық Банкінің сұратуы бойынша шетелдік банктің есепшот ашуға және жүргізуге, ақпарат беруге келісім хаты.

25. Лицензиат шетелдік банкте ашу үшін Ұлттық Банктің лицензиясын алған есепшотты Ұлттық Банк лицензия берген күннен бастап алты айдың ішінде ашуы тиіс.

Шетелдік банктерде заңды тұлғалар (заңды тұлғалардың өкілдіктері, филиалдары), сондай-ақ жеке кәсіпкерлер ашқан есепшоттар бойынша лицензияның талаптарында келісілген операциялар бойынша ғана төлемдер мен ақша аударымдары жүргізіледі.

Заңды тұлғаның (заңды тұлғалардың өкілдіктерінің, филиалдарының), сондай-ақ жеке кәсіпкердің шетелдік банктегі есепшотында айдың аяғында Ұлттық Банктің лицензиясында белгіленген лимит сомасынан асатын қаражат қалдығы, бес күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті банкінде ашылған лицензиаттың есепшотына аударылуы тиіс.

Қазақстан Республикасының резидент банктері өкілдіктерінің шетелдік банкте ашылған есепшотындағы Ұлттық Банктің лицензиясында белгіленген лимит сомасынан асатын қаражат қалдығы бес күнтізбелік күн ішінде банкте, оның ішінде шетелдік банкте ашылған корреспонденттік есепшотқа аударылуы тиіс.

26. Есепшот иелері тоқсан сайын, есеп берілетін тоқсаннан кейінгі айдың жиыrmасына дейін осы Ереженің 3 және 4-қосымшаларына сәйкес есепшоттағы қаражат қозғалысы туралы есеп береді.

27. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде ашылған заңды тұлғалардың өкілдіктеріне шетелдік банктерде есепшоттар ашуға арналған лицензия өкілдік жұмсайтын шығыстарға байланысты операцияларды жүргізу үшін ғана беріледі.

28. Ұлттық Банктің аумақтық филиалдары тоқсан сайын, есеп беретін тоқсаннан кейінгі айдың жиыrmасына дейін осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес жеке тұлғаларға шетелдік банктерде есепшоттар ашуға берілген лицензиялар туралы мәліметті Ұлттық Банкке береді.

29. Шетелдік банкте есепшот ашуға берілген Ұлттық Банктің лицензиясы мынадай жағдайларда:

Ұлттық Банк осы лицензияны берген күннен бастап алты ай ішінде шетелдік
банкте есепшот ашылмаса;
қатарынан алты айдың ішінде шетелдік банктердегі есепшотта қаражат
болмаса;
осы есепшоттағы режимнің өзгеруіне байланысты шетелдік банктерде
есепшот ашуға жаңа лицензия берілсе;
жеке тұлғалар басқа елдерге тұрақты тұруға кеткен жағдайда қолданылуын
тоқтатады.

4-тарау. Экспорт-импорт мәмілелері бойынша капитал қозғалысына байланысты операцияларды лицензиялау

30. Ұлттық Банк экспорт-импорт мәмілелері бойынша капитал қозғалысына
байланысты:

- 1) импорт мәмілелері бойынша 120 күннен астам мерзімге тауар (жұмыс, қызмет) үшін аванстық төлем жасауды көздейтін;
- 2) тауар (жұмыс, қызмет) экспорты жасалған күннен бастап резиденттердің тауар (жұмыс, қызмет) экспортына төлем жасауға түсім алу мерзімін 120 күннен асыруды көздейтін операцияларды жүргізуге лицензия береді.

Экспорт-импорт мәмілелері бойынша баламасы 5 мың АҚШ долларынан аспайтын мөлшердегі капитал қозғалысына байланысты операциялар Ұлттық Банкте лицензиялауға жатпайды.

31. Экспорт-импорт мәмілелері бойынша капитал қозғалысына байланысты операцияларды жүргізуге арналған Ұлттық Банктің лицензиясы біржолғы болып табылады.

32. Резиденттер осы Ереженің 31-тармағында көзделген операцияларды жүзеге асыруға арналған Ұлттық Банктің лицензиясын тараптардың біреуі мәміле бойынша міндеттемелерін орындай бастағанға дейін алуға міндетті. Ағымдағы валюта операциялары капитал қозғалысына байланысты операцияға өткен жағдайда, резиденттер осындай өту болған күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде лицензия алуға өтініш жасауға міндетті.

33. Осы Ереженің 30-тармағында көзделген операцияларды жүргізуге лицензия алу үшін Ұлттық Банкке осы Ереженің 2-тармағында көзделген құжаттарға толықтыру ретінде мынадай құжаттар береді:

1) өтініш, мұнда өтініш беруші лицензияда Ұлттық Банк ескеретін лицензияланатын операциялар бойынша тараптардың міндеттемелерді толық орындау мерзімін белгілейді;

2) резидент еместермен жасалған шарттардың көшірмелері және төлем жасау не тауар жеткізу, жұмыс немесе қызмет көрсету негізділігін растайтын басқа құжаттардың көшірмелері (төлем құжаттарының, жүк кеден декларацияларының, есепшот фактураларының және басқа құжаттардың көшірмелері).

34. Осы Ереженің 30-тармағында көзделген операцияларды жүргізуге
лицензия алған лицензиат:

берілген лицензияның талаптарын сақтауға;
тоқсан сайын, есеп берілетін тоқсаннан кейінгі айдың он бесіне дейін осы Ереженің 6-қосымшасына сәйкес растайтын құжаттармен бірге (ақшаның түсуі туралы банктік жазбалар, тауарлардың түсуі туралы жүк кеден декларацияларының көшірмелері, басқа құжаттар) мәліметті Ұлттық Банкке беруге міндетті.

35. Жекелеген экспорт-импорт мәмілелері бойынша лицензиялауға тиісті операциялардың нақты сомасын анықтау мүмкін болмаған жағдайда, Ұлттық Банк экспорт-импорт мәмілелерінің жалпы сомасына лицензия бере алады.

36. Сыртқы экономикалық келісім-шарт бойынша импортер болып табылмайтын үшінші тұлға импорттық келісім-шартқа ақы төлеу кезінде, импортер лицензия алу үшін Ұлттық Банкке өтініш жасауы тиіс.

Сыртқы экономикалық келісім-шарт бойынша экспортер болып табылмайтын үшінші тұлға тауар жөнелткен (жұмыс орындау, қызмет көрсету) кезде лицензия алу үшін Ұлттық Банкке экспортер өтініш білдіруі тиіс.

5-тарау. Валюталық құндылықтардың резиденттерден резидент еместердің пайдасына өтуін (ауысуын) көздейтін капитал қозғалысына байланысты басқа операцияларды лицензиялау

37. Ұлттық Банк валюталық құндылықтардың резиденттерден резидент еместердің пайдасына өтуін (ауысуын) көздейтін капитал қозғалысына байланысты мынадай операцияларды жүргізуге лицензия береді:

1) резиденттердің шет елдерге инвестициясы (банктердің брокер дилер қызметінен басқалары);

2) резиденттерден резидент еместердің пайдасына жылжымайтын мүлікке мүліктік құқықтарға төлем жасауға аударымдар;

3) резиденттердің резидент еместерге 120 күннен астам мерзімге кредиттер беру.

38. Ереженің 37-тармағы резиденттердің, тізбесі осы Ереженің 7-қосымшасында белгіленген халықаралық қаржы ұйымдарының Қазақстан Республикасының аумағында эмиссияланған бағалы қағаздарына инвестициясына қолданылмайды.

39. Резиденттер тараптардың бірі мәміле бойынша міндеттемелерін орындауды бастағанға дейін осы Ереженің 37-тармағында көзделген операцияларды жүзеге асыруға Ұлттық Банктің лицензиясын алуға міндетті. Ағымдағы валюталық операция капитал қозғалысымен байланысты операцияға өткен жағдайда резиденттер осындай өту болған күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде лицензия алуға өтініш беруге міндетті.

40. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға тартылған зейнетақы активтері есебінен резидент еместердің бағалы қағаздарына инвестициялар түрінде операциялар жасауға бас
л и ц е н з и я л а р б е р і л е д і .

Резидент еместерге төлем карточкалары арқылы 120 күннен астам мерзімге кредиттер беру түрінде банктерге капитал қозғалысымен байланысты операцияларды жасауға операциялық лицензиялар беріледі (Ұлттық Банктің банктік операциялар жүргізуге, оның ішінде төлем карточкаларын шығаруға
л и ц е н з и я с ы б о л ғ а н к е з д е) .

Валюталық құндылықтардың резиденттерден резидент еместердің пайдасына өтуін (ауысуын) көздейтін капитал қозғалысымен байланысты операцияларды жасауға арналған барлық қалған лицензиялар бір жолғы болып табылады.

41. Осы Ереженің 42 және 43-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Ереженің 37-тармағында көзделген операцияларды жасауға лицензиялар алу үшін Ұлттық Банкке осы Ереженің 2-тармағында көзделген құжаттарға толықтыру ретінде мынадай құжаттар ұсынылады:

1) Резиденттің резидент емеске 120 күннен астам мерзімге кредит беруін көздейтін, капитал қозғалысымен байланысты операцияны жүргізуге лицензия алуға арналған өтініште өтініш беруші Ұлттық Банк лицензияда есепке алатын тараптардың лицензияланатын операция бойынша міндеттемелерін толық
о р ы н д а у м е р з і м і н б е л г і л е й д і ;

2) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органы зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға берген лицензияның көшірмесі (зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті
ж ү з е г е а с ы р а т ы н ұ й ы м д а р ү ш і н) ;

3) резидент еместермен жасалған шарттардың көшірмелері және төлемнің негізділігін растайтын басқа да құжаттардың көшірмелері;

4) баламасы он миллион АҚШ долларынан асатын сомалар бойынша Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің
ж а з б а ш а к е л і с і м і ;

5) шетелдік банк (сақтандыру ұйымы) тіркелген мемлекеттің банктерді (сақтандыруды) қадағалау органының осы банктің (сақтандыру ұйымының) соңғы алты күнтізбелік ай ішінде пруденциалдық нормативтерді орындауы туралы оң қорытындысы немесе тізбесін Ұлттық Банк белгілеген жетекші рейтингтік агенттіктердің бірі Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингінен төмен болмайтын рейтингке сәйкес келетін рейтингтің шетелдік банкке (сақтандыру ұйымына) берілгенін растайтын құжаттың нотариат куәландырған көшірмесі (шетелдік банктерге (сақтандыру ұйымдарына) инвестицияларды салған кезде).

Өтініш беруші лицензияланатын валюта операциясын жүргізуді ескере отырып, белгіленген пруденциалдық нормативтерді (банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, сақтандыру ұйымдары және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін) бұзбауы тиіс, сондай-ақ Қазақстан Республикасының банктері алдында кредиттік тізілім деректері бойынша олардан тартылған заемдар бойынша мерзімі өткен берешегі болмауы тиіс.

42. Резидент еместерге төлем карточкалары арқылы 120 күннен астам мерзімге кредиттер беру түрінде капитал қозғалысымен байланысты операцияларды жасауға лицензия алу үшін банктер Ұлттық Банкке осы Ереженің 2-тармағында көзделген құжаттарға толықтыру ретінде мынадай құжаттар ұ с ы н а д ы :

1) мынадай мәліметтер көрсетілген өтініш:
резидент еместер ұстаушылар болып табылатын банк эмиссиялаған төлем карточкаларының тізбесі мен деректемелері;
банктің резидент еместерді ықтимал кредиттеу лимиті және көрсетілген лимит мөлшерінің негіздемесі;

2) резидент еместер - төлем карточкаларын ұстаушылармен жасалған шарттардың көшірмелері.

43. Тартылған зейнетақы активтері есебінен резидент еместердің бағалы қағаздарына инвестициялар түрінде капитал қозғалысымен байланысты операцияларды жасауға лицензия алу үшін зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар Ұлттық Банкке осы Ереженің 2-тармағында көзделген құжаттарға толықтыру ретінде мынадай қ ұ ж а т т а р ұ с ы н а д ы :

1) ө т і н і ш ;
2) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органы зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға берген лицензияның к ө ш і р м е с і ;

3) зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның резидент еместердің бағалы қағаздарына инвестициялар салуға арналған, Ұлттық Банкке лицензия беру туралы өтінішті бергенге дейін кемінде отыз күнтізбелік күн бұрын берілген Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның ж а з б а ш а к е л і с і м і ;

4) кастодиан шартының және инвестициялық басқару шартының көшірмелері

44. Осы Ереженің 37-тармағында көрсетілген операцияны жасауға лицензия алған лицензиат лицензия берілген кезде қойылған талаптарды сақтауға және Ұлттық Банкке тоқсан сайын, есеп беру тоқсанынан кейінгі айдың он бесіне дейін осы Ереженің 8 немесе 9-қосымшаларына сәйкес мәліметтер ұсынуға м і н д е т т і .

Осы Ереженің 43-тармағында көрсетілген операцияны жасауға лицензия алған лицензиат лицензия берілген кезде қойылған талаптарды сақтауға және Ұлттық Банкке тоқсан сайын, есеп беру тоқсанынан кейінгі айдың он бесіне дейін осы Ереженің 9-қосымшасына сәйкес мәліметтер ұсынуға міндетті.

Резидент еместердің Ұлттық Банктің тиісті лицензиясының негізінде сатып алған бағалы қағаздарын резидент сатқан жағдайда лицензиат осы бағалы қағаздарға меншік құқығының ауысқанын растайтын құжаттарды Ұлттық Банкке беруге міндетті.

45. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және осы Ереженің 43-тармағында көзделген операциялар жасауға лицензия алған ұйымдарға резидент еместердің бағалы қағаздарына инвестициялар бойынша шектеулер Қазақстан Республикасының заң актілеріне және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес белгіленеді.

6-тарау. Резиденттің резидент еместен кредит ретінде алған шетел валютасын үшінші тұлғалардың есепшоттарына есептеу жөніндегі операцияларды лицензиялау

46. Ұлттық Банк резиденттің резидент еместен кредит ретінде алатын шетел валютасын үшінші тұлғалардың есепшоттарына есептеу жөніндегі операцияларды жүргізуге лицензиялар береді.

47. Бұл ережеде мыналар реттелмейді:

1) резидент еместен кредит ретінде алынатын шетел валютасын үшінші тұлғалардың есепшоттарына есептеуді көздейтін мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген кредиттер бойынша;

2) есеп айырысудың құжаттамалық нысандарын пайдалана отырып игеру көзделген шетелдік банктерден тартылған мемлекет кепілдік бермеген кредиттер б о й ы н ш а ;

3) тізбесі осы Ереженің 11-қосымшасында белгіленген экспорт кредиттері жөніндегі шетелдік мемлекеттік агенттіктерде сақтандырылған экспорт-импорт мәмілелерін қаржыландыру мақсатында тартылған мемлекет кепілдік бермеген кредиттер.

48. Резиденттер тараптардың бірі мәміле бойынша міндеттемелерін орындауды бастағанға дейін осы Ереженің 46-тармағында көзделген операцияларды жүзеге асыруға Ұлттық Банктің лицензиясын алуға міндетті.

49. Резиденттің резидент еместен кредит ретінде алған шетел валютасын үшінші тұлғалардың есепшоттарына есептеу бойынша операциялар жүргізуге арналған Ұлттық Банктің лицензиялары бір жолғы болып табылады.

50. Осы Ереженің 46-тармағында көрсетілген операцияны жүргізуге лицензия алу үшін Ұлттық Банкке осы Ереженің 2-тармағында көзделген құжаттарға толықтыру ретінде мынадай құжаттар ұсынылады:

1) резиденттің, шетелдік кредитордың және үшінші тұлғаның деректемелерін көрсете отырып резиденттің резидент еместен кредит ретінде алған шетел валютасын үшінші тұлғалардың есепшоттарына есептеу жөніндегі операцияны жүргізуге өтініші;

2) кредиттік келісімнің көшірмесі;

3) сақтандыру ұйымымен жасалған сақтандыру шартының және/немесе өтініш беруші міндеттемелерінің орындалуын көздейтін, тізбесі Ұлттық Банк Басқармасының қаулысымен белгіленген жетекші рейтингтік агенттіктердің, бірақ Қазақстан Республикасына берілген рейтингтен төмен болмайтын рейтингі бар банкпен жасалған шарттың және кредит ретінде алынған шетел валютасын Қазақстан Республикасының уәкілетті банктегі резиденттің есепшоттарына немесе Ұлттық Банктің тиісті лицензиясы болған кезде оның шетелдік банктегі есепшотына есептеудің мүмкін еместігін растайтын басқа да құжаттардың көшірмелері (үзінділері);

4) тауар жеткізуді және/немесе жұмысты, қызмет көрсетуді көздейтін, резидент еместен тартылған кредит есебінен қаржыландырылатын шарттардың көшірмелері;

5) резиденттің резидент еместен кредит ретінде алған шетел валютасын үшінші тұлғалардың есепшоттарына баламасы он миллион АҚШ долларынан асатын сомаға есептеу жөніндегі операцияларды жүргізуге Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің жазбаша келісімі;

6) Ұлттық Банкке үшінші тұлғалардың есепшоттарына кредиттік келісімнің шеңберінде аударым жасалған күнді, үшінші тұлғалардың атаулары мен тиісті шарттың деректемелерін көрсете отырып аударылған ақша сомасы туралы ақпаратты, сондай-ақ Ұлттық Банктің сұратуы бойынша басқа да ақпаратты тоқсан сайын ұсынуға орыс немесе мемлекеттік тілдердегі нотариат куәландырған аудармасы бар шетелдік кредитордың жазбаша келісімі.

51. Резидент шетелдік кредитормен бас кредиторлық келісімді жасаған жағдайда лицензия алу үшін осы Ереженің 50-тармағының 4-тармақшасында

